

Дәріс

Автомобиль көлігі, оның ерекшеліктері мен негізгі көрсеткіштері. ТМД және ҚР бойынша темір жол көлігі, оның ерекшеліктері мен негізгі көрсеткіштері.

Маршруттағы қозғалыс - деп тасымалдауды орындаудағы жылжымалы құрамның қатынас жолдары. Маршрутты таңдау көлік үрдісін ұйымдастыру негізінде анықталады.

Жүк автотасымалы сапасының көрсеткіштері келесі факторлармен негізделеді:

- тасымалдаудағы жүктің сипаты мен ерекшеліктері;
- пайдаланған жылжымалы құрам;
- тасымал үрдісіндегі ерекше талаптар;
- жүк тасымалындағы ерекше талаптар;
- көлік қызметінің сапасын басқару тапсырмалары;
- сапаны сипаттайтын құрам және құрылым қасиеттері.

Сапа көрсеткіштері:

- тұтынушыға жүк автомобиль тасымалы сапасының сәйкестігін қамтамасыз ету қабілеттілігі;
- барлық жүк автомобиль тасымалы тұтынушы талаптарының ұсынылған тасымал сәйкестігін қанағаттандыру мүмкіншілігі;
- қызмет ету үрдісінде тұрақтылықты сақтау;
- көлік және көліктік қызмет аумағында ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағытында техника мен ғылымның қазіргі жетістіктерін есептеу.

Сапа көрсеткіштерін таңдауда тұтынушылық сапа келесі құрылғылардан тұратынын қажетті түрде көрсету керек.

Техникалық деңгей - ғылыми-техникалық жетістіктермен ерекшеленеді.

Эстетикалық деңгей - тұтынушының эстетикалық талғамы және көзқарасына байланысты сипатталатын кешендер қасиеті.

Эксплуатациялық деңгей - ұсынылатын қызметтегі пайдалану ыңғайлылығына байланыстылық.

Жүк автомобилі тасымалы сапасы көрсеткішінің номенклатурасы Мемлекеттік стандарт негізінде ұсынылады немесе төменде келесі суретпен берілген.

Жүк автомобилі тасымалының сапа талап ету деңгейін анықтауда қажетті түрде көліктік қызметте тұтынушы қажеттілігін қанағаттандыратын объективті көрініс беру керек.

Көліктік қызметке жоғары сұраныс болғанда тұтынушы өзінің сапаға деген талабын төмендетеді. Жеткіліксіз сұраныс кездерінде тасымалдаушы көлік қызметінің сапасын тұтынушының жоғары сұранысын қанағаттандыру мақсатында өсіреді.

Нормалаудағы жүк автомобиль тасымалының сапа көрсеткіші түрлі әдістер мазмұнында қолданылады (экспертті, интервальды, есептік және т.б.). Бұл көліктік үрдіске қатысушылар пайдасын тек есептік әдістер көмегімен бағалайды.

Маршрут өзіне:

- тасымал көлемін;
- бағытты;
- қашықтықты;
- уақыт бойынша жету;
- түрлі категориядағы жол жүктілігі;
- қозғалыс кезектілігі бойынша;
- жеткізу тиімділігі.

Маршруттаудың негізгі тапсырмаларына:

- қозғалысты ұйымдастыру;

- жүкті жеткізудің минимальды мерзімі;
- қозғалыс қауіпсіздігі;
- көлік құралдарын тиімді пайдалану;
- тасымалдау жоспары мен графигін орындау;
- жол жағдайының өзгеруіне байланысты кешенді реттеу.

Теміржол көлігі өндірістік қызметінің сипаты, ұйымдастырылуы және басқарылуы жөнінен басқа салаларға ұқсамайтын бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар үлкен әрі күрделі шаруашылық болып саналады. Мұндай ерекшеліктерге мыналар жатады:

1. Теміржол көлігі бөлімшелерінің көптігі және олардың аумақтарға шашыраңқы орналасуы.

2. Теміржол көлігі бөлімшелері жұмысының өзара тығыз байланыстылығы мен өзара тәуелділігі. Бұл тасымалдау процесіне қатысатын барлық бөлімшелер жұмысының технологиялық үйлесімділігін талап етеді.

3. Теміржол жұмысының толассыздығы мен ырғақтылығы. Бұл, станциялардың, деполар мен телімдердің барлық элементтерінің барынша өткізу және өңдеу қабілетін жүзеге асыру үшін көлік техникалық құралдарын толығымен пайдалану үшін қажет болады.

Теміржол көлігінің аталған ерекшеліктері теміржол жұмысын ұйымдастыруға және пойыздар жүрісін басқаруға мынадай айрықша талаптар қояды:

- төменгі бөлімшелерге алда тұрған міндеттерді орындауда барынша мол дербестік бере отырып, пайдалану жұмысына басшылық етуді орталықтандыру және пойыздар жүрісіне жоғарыдан төменге дейін басшылық жасаудың біртұтастығы принципін қатаң сақтау;

- тасымалдау процесін қамтамасыз етуде технологиялық жағынан байланысқан барлық қызметкерлердің қатаң тәртіп сақтауы мен жұмыстағы дәлдігі.

Тасымалдауды ұйымдастыру және техникалық құралдар мен жылжымалы құрамды күтіп-баптау жөніндегі бірыңғай талаптарды мыналар реттейді:

1. Теміржолды техникалық пайдалану ережелері (ТПЕ);
2. Теміржолдағы пойыздар жүрісі мен маневр жұмысы жөніндегі нұсқама (ПЖН);
3. Теміржолдағы сигнализация жөніндегі нұсқама (СН).

Тасымалдау технологиясында мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1. Жұп және тақ бағытты жүріс. Бұлар координаталық осьтер жүйесінде белгілерді өзгерту принципі бойынша барлық теміржол бағыттарына арналады: Солтүстіктен – Оңтүстікке және Шығыстан – Батысқа тақ бағытты, ал Оңтүстіктен – Солтүстікке және Батыстан–Шығысқа – жұп бағытты көрсетеді.

2. Тартым иіні – локомотивтердің айналу телімі.

3. Жүк тиелген және жүксіз бос бағыттар. Жүк тиелген бағыттар – жүк тиелген пойыздардың саны басым бағыттар, жүксіз бағыттар – жүк тиелмеген бос пойыздардың саны басым бағыттар.

4. Басым және кері бағыттар. Басым бағыт – жүк пойыздарының саны көп бағыт (жолаушылар жүріс саны – жұп).

5. Маневрлер. Пойыздарды, жүктерді, тиеу-түсіру орындарын және т.с.с. өңдеу мақсатында вагондар мен локомотивтердің станция жолдарымен әрі-бері жүруі.

6. Пойыздардың жүріс графигі. Пойыздардың бөлім бекеттері (станциялар) арасында жүруінің графиктік бейнеленуі.

7. Пойыздарды құрастыру жоспары. Бұл вагон ағындарынан пойыз құрастыру жоспары: пойыздар қай станцияда құрастырылады, қандай станцияларға барады, қай станцияларда таратылады және осы пойыздарға баратын станцияларына қарай қандай вагондар қосылады.

8. Теміржол желісінің өткізу қабілеті. Бұл тұрақты құрылғылардың бар-жоқтығына, локомотивтердің, вагондардың түрлеріне және пойыздар жүрісін ұйымдастырудың қабылданған технологиясына қарай тәуліктік (сағат) ішінде игеруге болатын пойыздардағы ең үлкен өлшем.

9. Теміржол желісінің тасымалдау қабілеті. Бұл қабылданған тасымалдау технологиясы бойынша желі арқылы жылына тасып өткізуге болатын жүк мөлшері, млн. т.

10. Вагондардың жұмыс паркі. Бұл тасымалдау үшін пайдаланылатын вагондар саны. Қосалқы парк – жөндеуде, резервте тұрған вагондар. Жалпы парк – бұл қолда бар (инвентарлық) парк. Бұл ұғымдардың локомотивтерге де қатысы бар.

11. Бөлім бекеттері. Бұлар даражолды желілерде – айырықтар, қос жолды желілерде – озба бекеттері және кез келген желілерде – станциялар. Станциялар сұрыптау, телімдік, жүк, жолаушылар және аралық станциялар болып бөлінеді.

12. Теміржол желісінің пайдалану ұзындығы. Бұл бүкіл желінің километрмен алынған «бір желілі» ұзақтығы.

13. Теміржолдың жазылма ұзындығы – желінің пайдалану ұзындығы мен станция жолдарының ұзындығының қосындысы.

Теміржол желісі жолдарға (3-10 мың км) және жол бөлімшелеріне бөлінеді; жол бөлімшелеріне желілік кәсіпорындар (станциялар, деполар, дистанциялар және т.с.с.) кіреді.

Диспетчерлік аппараттар барлық деңгейде пойыздар жүрісін жедел бақылап, басқарып отырады. Бөлімшедегі **пойыз диспетчері (ДНЦ)** кезекшілік кезінде пойыз жүрісінің жеке-дара басшысы болады, оған телімдегі (диспетчер теліміндегі) пойыздар жүрісін ұйымдастыруға жауапты барлық буындардың қызметкерлері бағынады.